

SONY®



PlayStation®5

Қысқаша бастау нұсқаулығы

Ал, бастайық

1 Негізді бекітіңіз.


Негізді консольге тік немесе көлденең күйде бекітіңіз. Негізді бекіту кезінде консольді тегіс бетке қойыңыз.

Негізді консольдің күйіне қайта теңшеу керек болады. Негіздің жоғарғы және төменгі бөлігін қарама-қарсы бағыттарда айналдырыңыз. «Шырт» еткен дыбысты естігенше айналдырыңыз.




Тік күйінде


Негіз бекітілген күйде



Негізді консольге бекітуден бұрын ілгек төменде көрсетілген орында болуы керек.



- 1 Консольді артқы жағын жоғары қаратып қойыңыз, содан кейін бұранда тесігінің қақпағын алыңыз.




- 2 Бұранда тесігінің қақпағын негіздің төменгі жағына бекітіңіз.
- 3 Негіздің төменгі жағынан бұранданы алыңыз.

Негіздің төменгі жағы




- 4 Негізді бекітіңіз, содан кейін бұрандамен бекітіңіз. Бұранданы қатайту үшін, тиынды немесе пішіні ұқсас затты пайдаланыңыз.




Көлденең күй үшін


Негіз бекітілген күйде



Негізді консольге бекітуден бұрын ілгек төменде көрсетілген орында болуы керек.




- ① Консольді артқы жағын жоғары қаратып қойыңыз. Негізді консольдегі белгіленген аумаққа туралап, негізді ішке қарай қатты басыңыз.




2 HDMI кабелін және айнымалы ток сымын қосыңыз.

Жинақтағы кабельдерді пайдаланыңыз. Айнымалы ток сымын электр көзіне қосу алдында барлық қосылымдарды орнатыңыз



3 LAN кабелін қосыңыз.


Сымды интернет қосылымы үшін LAN кабелін (жинаққа кірмейді) пайдаланыңыз. Wi-Fi® желісін пайдаланатын болсаңыз, LAN кабелін жалғамай, келесі қадамға өтіңіз.



4 ТД-ды қосып, HDMI кірісін орнатыңыз.


5 PlayStation®5 консолін ⏻ (қуат) түймесін басу арқылы қосыңыз.


Қуат индикаторы көк түсте жыпылықтайды, содан кейін ақ түспен жанады.



Консольді қосқаннан кейін 60 секундқа әрекетсіз қалдырсаңыз, экранды оқу құралы қосылады. Істегіңіз келетін нәрсені аяқтауға көмектесу үшін экрандағы мәтінді және басқа маңызды ақпараттың дауыстап оқылғанын тыңдай аласыз. Экранды оқу құралы тек белгілі бір тілдерде қолжетімді.

6 USB кабелі арқылы сымсыз басқару құралын консольге қосыңыз, содан кейін (PS) түймесін басыңыз.

Басқару құралын жұптастыру үшін, оны USB кабелі арқылы консольдегі USB портына қосыңыз.
 (PS) түймесін басқанда басқару құралы қосылады.



7 Оны өзіңізге бейімдеңіз.

Аяқтап қалдыңыз! Экрандағы нұсқауларды орындаңыз


- Консольді реттеу
Тілді таңдаңыз, интернет қосылымы параметрлерін конфигурациялаңыз және қуатты үнемдеу параметрлерін басқарыңыз.

Қуат өшірулі кезде қуатты үнемдеу үшін тыныштық режимінде консоль Low Power Use (Қуатты аз пайдалану) күйіне орнатылады. Сондай-ақ «Консольді тыныштық режиміне қою» (12-бет) бөлімін қараңыз.

- Тіркелгіні реттеу
Жаңа тіркелгіні жасаңыз немесе PlayStation®4 консолінде жасалған бұрыннан бар тіркелгімен кіріңіз. Сондай-ақ «PS4 пайдаланушылары үшін» (6-бет) бөлімін қараңыз.
- Мазмұнды жүктеп алу
Сатып алынған PS5™ ойындарын және медиа қолданбаларды жүктеп алыңыз. Сізде PS4™ консолі бар болса, деректерді PS5 консоліне тасымалдауға болады.

Экранда **Welcome to PlayStation 5 (PlayStation 5 консоліне қош келдіңіз)** жазуы көрінгенде орнату аяқталғанын білесіз.

PS5 консолін бала пайдалана ма? Сондай-ақ «Ата-ана басқару құралдары» (6-бет) бөлімін қараңыз.

- Сіз көретін орнату опциялары желі ортасы және сіз кірген тіркелгі сияқты ақпаратқа негізделіп қажеттіліктеріңізге теңшелген.
- Оралып, бастапқы экранда **Settings (Параметрлер)**  тармағын таңдау арқылы параметрлердің кез келгенін өзгертуге болады.

PS4 пайдаланушылары үшін

PS5 консолінде кейбір PS4 ойындарын ойнаңыз

PS5 консолінде қолдау көрсетілетін PS4 ойындарын* ойнаңыз.

* PS5 консолінде ойнағанда, PS4 консолінде қолжетімді кейбір функциялар болмауы мүмкін. Жүйе бағдарламалық жасақтамасын соңғы нұсқасына жаңарту керек. Интернетке қосылу қажет.

PS4 консолінен деректерді PS5 консоліне тасымалдау

Ойынды сақтау деректері, пайдаланушы ақпараты және жүктеп алынған мазмұн сияқты деректерді тасымалдау үшін PS4 консолін және PS5 консолін бір желіге қосыңыз. PS4 консоліңіз үшін кеңейтілген қойма ретінде пайдаланып жүрген USB дискіңіз болса, сіз бар болғаны оны PS5 консоліңізге қосу арқылы оны пайдалануды жалғастыра аласыз.



PS4 консолінде жасалған тіркелгіні пайдаланыңыз

PS5 консоліңіз үшін жаңа тіркелгі жасау керек емес. Бар болғаны бар тіркелгіңізбен кірсеңіз, ойын тарихыңыз, жүлделеріңіз, профилиңіз және достарыңызбен болған болуы мүмкін барлық айырбастаулар PS5 консоліңізге тасымалданады.




Ата-ана басқару құралдары

Сіз PS5 консоліңізді пайдаланатын балалардың параметрлерін басқара аласыз. Ата-ана басқару құралдары балалар ойнай алатын ойындарға, олардың қашан және қанша ойнайтынына, олардың кіммен байланыста болатынына және т. б. шектеулер қоюға мүмкіндік береді.


Әр ересекке (👤) және балаға (👶) бөлек тіркелгі қажет болады. Бала үшін тіркелгі жасағанда, ол тіркелгіңізбен автоматты түрде байланыстырылып, отбасыны жасайды. Ата-ана басқару құралдарын тек отбасыңыздағы балалар үшін орната аласыз.

Сіз PS5 консоліңіз үшін PS4 консолінде жасалған сияқты бар тіркелгіні пайдалана аласыз. Отбасы және ата-ана басқару параметрлері PS5 консоліңізге өтеді.




Балаңызға тіркелгі жасау

Бала тіркелгісін жасауды және ата-ана басқару құралдарын орнатуды бір уақытта орындауға болады.

Басқару орталығын ашу үшін  (PS) түймесін басыңыз. Аватарды таңдаңыз, содан кейін **Switch User** (Пайдаланушыны ауыстыру) пәрменін таңдаңыз. Тіркелгіні жасау үшін пайдаланушы таңдау экранынан **Add User** (Пайдаланушы қосу) пәрменін таңдаңыз.

Ата-ана басқару құралы параметрлерін қарап шығу және өзгерту

Баланың ата-ана басқару құралдарын жүйелі түрде тексеріп тұру ұсынылады. Оларды бастапқы экраннан **Settings** (Параметрлер)  > **Family and Parental Controls** (Отбасы және ата-ана басқару құралдары) тармағын таңдау арқылы қарап шыға аласыз.

Ойын рейтингі белгішелері

Әр ойында ойын рейтингі белгішесі болады. Ол ойын баланың жасына жарамдылығын анықтауға көмектеседі.

Ресей Федерациясы

Ойыншының жасы	0 және жоғары	6 және жоғары	12 және жоғары	16 және жоғары	18 және жоғары
Ойынның жас рейтингі					

Еуропа, Африка және Үндістан


Ойыншының жасы	3 және жоғары	7 және жоғары	12 және жоғары	16 және жоғары	18 және жоғары
Ойынның жас рейтингі					

Ата-ана басқару құралы мүмкіндіктері және орнату туралы қосымша ақпаратты User's Guide (пайдаланушы нұсқаулығында) табуға болады (13-бет).

Экранда не бар

Бастапқы экран

Бастапқы экраннан мазмұнның екі түріне өтуге болады: ойындар немесе медиа. Ойындардың бастапқы экранында сіз ойындарды, PlayStation™Store және ойынға қатысты басқа қолданбаларды табасыз. Медиа бастапқы экранында музыкалық, бейне және басқа ойындық емес қолданбалар бар.



Бастапқы экрандарды ауыстыру

Ойындар және медиа экрандары арасында ауыстыңыз.


Параметрлерді өзгертіңіз және профиліңізді өңдеңіз.


Хаб

Өзіңіз таңдаған ойын немесе қолданба туралы қосымша мәліметтер алыңыз және қатысты ақпаратты табыңыз.

- PS5 консолінде (X) түймесі таңдалған элементтерді растайды.
- Ойын немесе бағдарлама жұмыс істеп жатқанда бастапқы экранға оралу үшін басқару орталығында Home (Бастапқы) бөлімін таңдаңыз немесе басқару құралында (PS) түймесін басып тұрыңыз.

Басқару орталығы



Басқару орталығын ашу үшін,  (PS) түймесін басыңыз. Ойыннан немесе қолданбадан шықпай, әртүрлі мүмкіндіктерді пайдалана аласыз.



Карталар

Карталар қазіргі сәтте не істеп жатқаныңызға байланысты қолжетімді ойындарыңыз бен қолданбаларыңызға қатысты мүмкіндіктер мен әрекеттерді көрсетеді. Қосымша мәліметтер алу үшін, картаны таңдаңыз немесе келесі картаға өтіңіз.

Басқару элементтері

Бастапқы экранға оралу үшін Home (Негізгі)  пәрменін таңдаңыз және PS5 консолін өшіру үшін Power (Қуат)  пәрменін таңдаңыз. Мұнда басқа да негізгі функцияларды орындауға болады.

Ойын ойнау кезінде көбінесе пайдаланатын функциялар мен параметрлерге жыл дам қол жеткізіңіз.


Ойнайық

Дискіден ойын ойнау

Дискіні салыңыз.

Ойын деректері көшіріле бастайды және ойын ойнауға дайын кезде хабарландыру аласыз.

Ойындардың бастапқы экранынан ойынды таңдаңыз.



Дискіні шығару

Дискіні шығару үшін, ▲ (шығару) түймесін басыңыз.

Цифрлық ойынды ойнау

Сіз PlayStation Store дүкенінен жүктеп алған ойынды ойнай аласыз.

Ойын жүктеп алынып, ойнауға дайын кезде хабарландыру аласыз.

Ойындардың бастапқы экранынан ойынды таңдаңыз.

- Ойындарды сатып алу және жүктеп алу үшін консольді интернетке қосуыңыз және тіркелгіңізге кіруіңіз керек.
- PlayStation™Network және PlayStation Store өнімдеріне пайдалану шарттары және ел мен тіл шектеулері қолданылады. Пайдаланушылар интернет қызметінің ақыларын төлеуге жауапты. Кейбір мазмұн және/немесе қызметтер үшін ақы алынады.

Пайдаланушылар 7 жаста немесе одан үлкен болуы тиіс және 18-ге толмаған пайдаланушыларға ата-ананың келісімі керек. Қосымша жас шектеулері қолданылуы мүмкін. Қызметтің қолжетімділігіне кепілдік берілмейді. Белгілі бір ойындардың онлайн мүмкіндіктері тиісті мерзім ішінде хабарланғаннан кейін алып тасталуы мүмкін – playstation.com/gameservers. Толық шарттар қолданылады: PSN қызмет шарттарын playstation.com/legal бетінен қараңыз.

Басқару құралын пайдалану

Басқару құралын зарядтау


PS5 консоліңіз қосулы немесе тыныштық режимінде болғанда, USB кабелі арқылы басқару құралын консольге қосыңыз. Консоліңіз тыныштық режимінде болғанда, басқару құралындағы жарық жолағы қызғылт сары түспен баяу жыпылықтайды. Зарядтау аяқталғаннан кейін жарық жолағы өшеді.

Консоль тыныштық режимінде болғанда басқару құралын зарядтау үшін Settings (Параметрлер) ⚙️ > System (Жүйе) > Power Saving (Қуатты үнемдеу) > Features Available in Rest Mode (Тыныштық режимінде қолжетімді мүмкіндіктер) > Supply Power to USB Ports (USB порттарына қуат беру), тармағына өтіп, Off (Өшірулі) дегеннен басқа опцияны таңдаңыз.

Микрофон дыбысын өшіру

Дыбысты өшіру түймесін басқан сайын микрофондағы өшірулі (түйме жанады) және қосулы (түйме жанбайды) күйлері арасында ауысады.

Микрофон дыбысын өшіру және басқару құралындағы және теледидардағы үндеткіштердің дыбысын өшіру үшін дыбысты өшіру түймесін басып, ұстап тұрыңыз. Бастапқы күйге оралу үшін дыбысты өшіру түймесін қайтадан басыңыз.




Микрофондар

Дыбысты өшіру түймесі

Жанып тұр : микрофон дыбысы өшірілген
Өшірулі : микрофон дыбысы қосылды
Жыпылықтауда : микрофон және дыбыс шығысының дыбысы өшірілген

Бірнеше басқару құралын пайдалану

Бір уақытта 4 басқару құралына дейін пайдалануға болады. Басқару құралдарына нөмірлерді тағайындау үшін, (PS) түймесін басыңыз. Сәйкесінше ойнатқыш индикаторы қосылады. Нөмірлер 1-ден бастап ретпен тағайындалады және сіз қосылатын шамдар саны бойынша басқару құралының нөмірін анықтай аласыз.



- Бірінші рет пайдаланғанда басқару құралын жұптастыру керек болады (5-бет).
- PS4 ойынын ойнағанда, басқару құралы қосылған ретке негізделіп, басқару құралының жарық жолағы көк, қызыл, жасыл немесе қызғылт түспен жанады. Бұл ойнатқыш индикаторынан бөлек.

PS5 консолін басқару құралымен қосу

PS5 консоліңізді қосу үшін жұптастыруды аяқтаған басқару құралында (PS) түймесін басыңыз.

Өшіру

Абайлаңыз

Қуат индикаторы өшірулі кезде ғана айнымалы ток сымын электр көзінен ажыратыңыз. Егер қуат индикаторы тұрақты қосылып немесе жыпылықтап тұрғанда оны ажыратсаңыз, деректер жоғалуы немесе бүлінуі мүмкін және консольге зақым келуі мүмкін.



Қуат индикаторы

Ақ	Консоль қосулы.
Қызғылт сары	Консоль тыныштық режимінде.
Өшіру	Консоль өшірулі.


Консольді тыныштық режиміне қою

PS5 консольіңіздің қуатты үнемдеу режимі тыныштық режимі деп аталады. Сіз мына сияқты әрекеттерді орындай аласыз: басқару құралын консольдің USB порттары арқылы зарядтау, жүйенің бағдарламалық құралын автоматты түрде жаңарту және қуаты өшірулі кезде ойынды немесе қолданбаны уақытша тоқтатылған күйде ұстау. Сіз үшін тыныштық режимі параметрлерінің қайсылары оңтайлы екенін пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз (13-бет).

Кейбір мүмкіндіктерді пайдалану үшін параметрлерін қосу керек болады. **Såettings (Параметрлер) > System (Жүйе) > Power Saving (Қуатты үнемдеу > Features Available in Rest Mode (Тыныштық режимінде қолжетімді мүмкіндіктер) тармағына өтіңіз.**

Басқару орталығынан **Power (Қуат) ** тармағын таңдаңыз, содан кейін **Enter Rest Mode (Тыныштық режиміне кіру)** пәрменін таңдаңыз. Қуат индикаторы ақ түсте жыпылықтайды, содан кейін қызғылт сары түспен жанады. Тыныштық режимінен шығу үшін **** (PS) түймесін басыңыз.

Консольді толығымен өшіру

Басқару орталығынан **Power (Қуат) ** функциясын таңдаңыз да, **Turn Off PS5 (PS5 консольін өшіру)** пәрменін таңдаңыз. Қуат индикаторы ақ түсте жыпылықтап, одан кейін консоль өшеді.

Қосымша ақпарат

Қауіпсіздік нұсқаулығы

Жинақтағы қауіпсіздік нұсқаулығы арқылы PS5 консоліңізді қауіпсіз пайдалану жолы туралы мәліметтер алыңыз. Сондай-ақ бұл басылған нұсқаулық өнімнің кепілдік шарттарын және техникалық сипаттамалар туралы ақпаратты қамтиды. Консольді пайдалану алдында оны міндетті түрде оқыңыз.

User's Guide (Пайдаланушы нұсқаулығы)

PS5 консолі істей алатын нәрсенің барлығы туралы ақпаратты табыңыз. Параметрлерді конфигурациялау және әрбір функцияны пайдалану әдісі туралы қосымша ақпарат. PS5 консоліңіздің бастапқы экранынан **Settings (Параметрлер)** > **User's Guide, Health and Safety, and Other Information (Пайдаланушы нұсқаулығы, денсаулық және қауіпсіздік және басқа ақпарат)** > **User's Guide (Пайдаланушы нұсқаулығы)** тармағына өтіңіз.

Тұтынушыларды қолдау веб-сайты

Мына бетке кіру арқылы қадамдық ақаулықтарды жою және жиі қойылатын сұрақтар сияқты онлайн қолдау ақпаратын таба аласыз: playstation.com/help.



«PS», «PlayStation», «PS5», «PS4» және «PlayStation Shapes Logo» — Сони Интерэксив Энтертейнмент Инк корпорациясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

«SONY» және «SONY» — Сони Корпорейшн корпорациясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

The terms HDMI and HDMI High-Definition Multimedia Interface, and the HDMI Logo are trademarks or registered trademarks of HDMI Licensing Administrator, Inc. in the United States and other countries.

Wi-Fi® is a registered trademark of Wi-Fi Alliance®.

Құрылым және техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Осы құжатта жарияланған жүйенің функциялары туралы ақпарат және кескіндер пайдаланылып жатқан жүйелік бағдарламалық құрал нұсқасына байланысты консоліңізге арналғандардан басқаша болуы мүмкін. Сондай-ақ осы нұсқаулықта пайдаланылған иллюстрациялар мен экран кескіндері нақты өнімнен басқаша болуы мүмкін.

Осы нұсқаулықта берілген ақпарат ескертусіз өзгертілуі мүмкін.



© 2020 Sony Interactive Entertainment Europe Limited.